

Келісілді  
Нұра ауданы ББ  
Одістемелік каб. менгерушісі  
Қайырбекова Аз.





## **Вариатив курсының күнтізбелік – тақырыптық жоспары**

**Атауы: «Ертегілер әлеміне саяхат»**

**Топ: Ересек топ (4жас)**

**Аптасына: 1 сағат**

**Сағат саны: 36**

**Құрастырған: «Айгөлек» шағын орталығының тәрбиешісі Хуангана К.**

**2021-2022ж**

Мектепке дейінгі жасөспірім баланы тәрбиелу мен дамыту ісіне байланысты мақсаттарды шешуде театр ерекше рөл атқарады. Балаларға театр, әртістік өнер, сахналу, қойылым, сахна туралы тұсінік беріп қызығушылығын оятамыз. Көріністерді өзара сойлесу дағдыларын дамыта отырып, бұлдіршіндердің тілді менгеруіне деген сүйіспен-шілікті арттырамыз. Театр әр балаға қуаныш, ұмтылmas әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады. Әдетте адамның жеке басының қасиеттері бес жасқа дейін қалыптасады екен. Сондықтанда да баланың жан – жақты қалыптасуы үшін мектеп жасына дейінгі бұлдіршіндердің бойына жақсы, жағымды қасиеттерді сініре білу керек. Бала әр нәрсеге құмар, қызыққыш, ол өзінің айналасында болып жатқан өзгерісті, тамаша құбылыстарды сезінуге тырысады. Оның жан–жақты дамып, жеке тұлға болып тәрбиеленуіне, тілінің дамуын театрландырылған ойындар арқылы жетілдіруге болады. Ал, театрландырылған ойындарды балалар қызықтап ойнайды. Театрландырылған ойындар ойын–қойылымдары болып саналады, бұл жерде балаларға арналған көркемдік шығармаларды сахналық қойылымдарға айналдырып, оларды кейіпкер ретінде қатыстырудың маңызы зор. Баланы сахнада кейіпкер ретінде ойната отырып, оның жеке тұлғасын жан–жақты дамыту. Оның бойында әдебиетке, мәдениетке, өнерге деген құштарлықты ояту. Бұлдіршіндер сахнада шағын рөлдерде ойнау арқылы байланыстыра сөйлеуге, әдемі киініп, жинақы жүргуге, ұлкендермен және өзге де балалармен тіл табыса білуге үйренеді. Жетілген диалог балалардың өз пікірін жеткізе білуге жетелейді.

Ертегі – ауыз әдебиетінің ықылым заманынан келе жатқан көне де мол мұрасы. Оның ертегі деп аталуының өзінен де, сол сияқты ертегілердің «Бұрынғы өткен заманда, ерте-ерте деп» басталуынан да оның атам заман туындысы екенін аңғару қын емес. Ертегілерде халық басынан кешкен, ғасырлар жыры жатыр. Оларда еңбекші халықтың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, елдік тарихы, қылыш-қылыш қын асулары, халықтың арман-мұраты бейнеленген. Барлық елдің ауыз әдебиетінен мол орын алған және халықтың жазу-сызу өнері болмаған кезінде ауызша шығарған күрделі шығармасының бір түрі. Ертегілер көбінесе, қара сөз ретінде айтылатындықтан, оны халықтың ерте заманда шығарған көркем әңгімесін деп қараймыз. Әртүрлі ертегілер балалардың қызығушылықтарын арттырады және олардың тілдерін дамытады.

Театрлық іс-әрекетте ертегілерді пайдалана отырып баланың ой-өрісін дамыту, сонымен бірге тындағы білуге, есте сақтау, тұсіну, рөлге бөліп, қазақша әдемі сөйлей білу мәнерін арттырамыз.

Балалар театрының бірнеше түрлері бар:

Ойыншиқтар театры – ең көп тараған түрі, бұнда балалар қысқа тақпақтарды жаттап, оның өзіне тән орындау кезінен бастап-ақ кішкене көлемді спектакельдер ойнайды. Ондағы адамдар рөлін ойыншиқтар орындайды. Жіптің көмегімен бақарылатын қуыршақтарды – марионеткалар дейді. Оларды әр түрлі материалдардан жасайды. Жұмсақ ойыншиқтарды да қолдануға болады. Мұндай ойыншиқтар қозғалысқа ағаш таяқшалар арқылы келтіріледі, яғни екі айқастырылған ағаш арқылы жіп өткізіліп ойыншиққа байланады. Қолмен қуыршақтарды басқарады. Театр қуыршағының биіктігі баланың биіктігіндей болады. Бала өзіне кастюм, ұлken бетперде. Ұлken алақандар киеді, олар тірі қуыршаққа ұқсайды. Өздері қуыршақты жасауға болады. Оның негізі болып үш бұрышты орамалды алуға болады. Бір

бұрышын қуыршақтың басына, екі бұрыштарын резинка арқылы баланың саусақтарына бекітіледі. Қуыршақтың басына тесмалар қосады, ол қуыршақ пен жүргізушінің мойнына ілінеді. Бұл қуыршақтар балаларға әймен, бимен, ойынмен көрсету арқылы шығармашылықтарын дамытады. Бұл балалардың өздерін еркін сезінуіне, өз күшіне сене білуге көмектеседі.

Саусақ театрында – саусақтардың көмегімен қандайда болмасын ертеғіні nemese олең-тақпак шумағын саханалау болып табылады. Саусақ театры арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынталы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашылады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаган ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалыс қымылдана қарап, бала қуанады шаттанады, сөз айтуға тырысады және өлеңде үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады. Сонымен қатар балалар екі қолын қымылдата отырып, он – солды ажыратады.

Үстел үстіндегі театры – сәбилер тобынан бастап-ақ тақпак пен қысқа өлеңдерді айтқызғанда көркем сөздер әсерлі естілу үшін стол үстіндегі театрды қолданған жөн. Мұнда үстелде құламай тұратын және қозғалтқанда еш кедергісіз жүретін ойыншықтар қолданылады.

Үстел үстіндегі қуыршақтар театрдың бірнеше түрі бар:

- әр түрлі биіктегі конустан, цилиндрдан, қораптардан жасалған ойыншықтар;
- таяқшадан жасалған театр;
- «киндер - театры»;
- магнит театры;
- «мочалка театры»;

- үстел үстіндегі кейіпкерді тоқымадан немесе крючокпен тоқуға болады (олар өздерінің формасын ұстағандай пластмас бутылкаларға кигізіп қойады);

- ағаш ойыншықтар, саздан жасалған ойыншықтар (дымковски ойыншықтар). Суреттер (картиналар) театры – декорация мен кейіпкердің – суреттері. Олардың әрекеттері шектелген. Ойнаушының дауыс ырғағы (интонация) арқылы кейіпкердің мінез-құлқы беріледі. Кейіпкер әрекет барысында пайда болады, балалардың қызығушылығын арттырады.

Фланелеграф театры – суреттер мен кейіпкерлер экранда көрсетіледі. Оларды фланельдер ұстап тұрады. Мұндағы суреттерді балалар мен бірге ескі кітаптардан, журналдардан қызып алуға болады.

Көлеңкелі театр – жарық өте жақсы түсken экранда адамдар, жануарлар және құстардың пішіндерінің қозғалысына қарауды балалар өте жақсы көреді. Ертеғі, әңгіме, өлең, әндерді көлеңке театры арқылы айтуға болады. Көлеңке таетрдың қойлымын көрсетуге үш тәрбиеші қатысады. Біреуі мазмұнын оқиды, екеуі көріністі көрсеттеді. Көлеңке театрдың сақанасы экран болады. Экранды ағаштан немесе қалың кардоннан жасайды, ою- өрнекпен өрнектейді. Кейіпкерлерді көрсету үшін – оны экранның арт жағынан ұстайды. Кейіпкерлерді қара түспен жуқа кардоннан жасайды, жіп арқылы қозғалтады. Кейіпкерлерді көрсеткенде қол көрінбеу керек. Бұл көріністер балалардың шығармашылықтарын арттырады, ой өрістері дамытады.

## **Мақсаты:**

- Мектепке дейінгі жасындағы баланы театр түрлері арқылы шығармашылық және парасаттылық қабілеттерін жан-жақты дамыту.
- Балалардың сөздік қорларын байытып, жақсыдан үйрептіп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу.
- Театрлық іс – әрекетті, ертегілерді пайдалана отырып – ойын дамыту.

## **Міндеттері:**

- Балалардың тілін, сөйлеу мәдениеті мен ой - өрісін, дүниетанымын дамыту.
- Балаларды адамгершілікке баулу, нақты сөйлеуге, салмақты ой айтуға баулу.
- Баланың қиялын есте сақтауын, шығармашылық қабілеттін дамыту, ойдан әңгіме, ертегі шығарып айтуға дағыландыру.
- Баланың әлеуметтік және эмоционалдық дамуына жағдай жасап, әр баланың жеке дара әртістік, шығармашылық қасиеттерін ескере отырып, өзін қоршаған ортаға, адамдарға, құрбыларына, өзіне деген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

## **Күтілетін нәтиже:**

- Театр, оның түрлері туралы түсініктері болады.
- Қазақ тіліндегі сөздік қоры молаяды.
- Диалог бойынша сөйлесу арқылы тіл мәдениетін жетілдіріледі.

«Ертегілер әлеміне саяхат» деген багдарлама 3-4 жастагы балаларға арналған. Күннің екінші жартысында откізілетін вариативтік компонент. Театр ойындары арқылы көрсетілетін әр-түрлі іс-әрекеттер, қымыл-қозғалыстарбалалардың бойында достық, ададық, батылдық, жан ашырлық қасиеттерін тәрбиелеуге жағдай жасайды және әлемді тек ақылмен ғана емес, жүрекпен де тани білуге үйретеді. Әр түрлі ертегілер балалардың қызыгушылықтарын арттырады және олардың тілдерін дамытад

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе .....	4
Түсінік хат.....	5
Перспективтік жоспар .....	8
Технологиялық карталары.....	12
1 – бөлім «Бауырсақ» ертегісі .....	13
2 – бөлім «Шалқан» ертегісі .....	19
3 – бөлім «Үш аю» .....	23
4 – бөлім «Үйшік» .....	28
5 – бөлім «Тұлқі мен қоян» .....	33
6 – бөлім «Қоянның үйшігі» .....	37
7 – бөлім «Жеті лақ және қасқыр» .....	42
8 – бөлім «Алтын айдарлы әтеш» .....	47
9 – бөлім «Ертегі әлемінде» .....	52
Қолданылған әдебиеттер .....	53

## Kіріспе

Білім мен тәрбие бастауын балалар балабақшадан алады. Бүгінгі таңда қогамымыздың даму бағытында мектепке дейінгі тәрбие саласы мамандарының алдында жан - жақты дамыған, сауатты, саналы, өзіндік орыны бар үлкенге құрмет корсетіп, кішіге қамқор бола біletіn азаматты тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Бұлдіршіндердің білімді, білікті, саналы болуында ойынның алатын орны ерекше.

Н. К Крупская: «Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ойынның ерекше маңызы бар: олар үшін ойын - оқу, олар үшін ойын - еңбек, олар үшін ойын - тәрбиенің маңызды түрі». Ойын - баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, танымдық қасиеттерін, зейінін, есте сактау қабілетін, ауыз екі сөйлеу мәдениетін дамытады. Ойын - баланың өмірді танудағы алғашқы қадамы. Ойын барысында ойын ситуациясына бейімделу, алғашқы да жекелеген элементерді, кейінен рөлді толығымен ойнау арқылы баланың ой-өрісі, қиялы дамиды. Рөлді ойнау арқылы өз кейіпкерін алдына елестетіп қана қоймай, бала оның әрекеттерін, сезімдерін сезінеді. Осындай эмоциялық құйлер баланы бұрын байқамаған өмір көріністеріне таң қалдырып, өз сезімін мимика, ым-ишара, тағы басқа көріністер арқылы біреууге үйретеді.

№	Тақырыбы	Мақсаты	Көриекілік-күралдар	Саны	Откізілетін уақыты
1	«Бауырсақ» ертегісі	Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту.		1	02.09.21
2	«Бұл бауырсақ - кішкентай қуан»	Ойын арқылы кейіпкерлердің рөлін таңдай отырып, балалардың қызығушылықтартыны арттыру.	Фланелеграф, конус театры, қуыршақ театры, орамал, тақия, кейіпкерлердің атрибуттары	1	09.09.21
3	«Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін...»	Тілдерін жаттықтыру.		1	16.09.21
4	«Бауырсақ» ертегісінің қойылымы	Балалардың ойын тиянақтау және өнерлерін іске асыру.		1	23.09.21
5	«Шалқан» ертегісі	Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту.	Фланелеграф, саусақ қуыршақ театры, үстел үстіндегі театр, кейіпкерлердің атрибуттары	1	30.09.21
6	«Ата мен әжемде қонақта болғанда»	Шалқанды отырғызу кезінде айтылатын өлең шумагы арқылы балалардың тілдерін байту және білімдерін кеңеңтү.		1	07.10.21
7	«Осындай үлкен шалқан...»	Белсенді балаларды кейіпкерлердің рөлдерін эмоция арқылы көрсете білуге үйрету.		1	14.10.21
8	«Шалқан» ертегісін сахналай	Кейіпкерлердің рөлін атқара білуге дағдыландыру.		1	21.10.21
9	«Үш аю» ертегісі	Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту.	Сюжетті	1	28.10.21

10	«Қане досым, сөзге қосыл»	Ойын арқылы кейіпкерлердің ірөлін таңдай отырып, балалардың қызығушылықтарын арттыру.	суреттер, қыышақ театры, тация, кейіпкерлердің атрибуттары	1	04.11.21
11	«Үшаюда қонақта»	Тілдерін жаттықтыру.		1	11.11.21
12	«Үш аю»	Балалардың ойын тиянақтау және өнерлерін іске асыру, ертегіні сахналуа.		1	18.11.21
13	«Үйшік» ертегісі	Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту.	Фланелограф, қыышақ театры, кейіпкерлердің атрибуттары	1	25.11.21
14	«Үйшік» ертегісі	Балалардың тілдерін байыту және білімдерін кенектізу.		1	02.12.21
15	«Қәне досым, сөзге қосыл»	Белсенді балаларды кейіпкерлердің рөлдерін әмбебаптауда дағдыландыру, ертегіні сахналуа.		1	09.12.21
16	«Көз көргө тоймайды, құлақ естуге жалықпаиды»	Кейіпкерлердің рөлін атқара білуғе дағдыландыру, ертегіні сахналуа.		1	16.12.21
17	«Тұлқі мен қояндар» ертегісі	Балаларды ертегінің мазмұнымен таныстыру.		1	23.12.21
18	«Тұлқі, тұлқі, тұлқішек»	Қимылды ойындар арқылы кейіпкерлердің рөлін айтып, белсенді балаларды таңдай отырып, қызығушылығын арттыру.	Конус театры, қыышақ театры, кейіпкерлердің атрибуттары.	1	30.12.22
19	«Құ тұлқі мен қорқақ қояндар»	Ертегідегі қоян мен тұлқінің сөздерін балаларға үйрету. Тұлқі мен қояндар арасындағы диалог.		1	06.01.22
20	«Тұлқі мен қояндар»	Балалардың рөлді дұрыс ойнай білуін және сөздердегі әр дыбыстарды анықтап айтуды.		1	13.01.22

21	«Коянның үйшігі» ертегісі	Ертегі мазмұнымен таныстырып, ертегіге деген қызығушылығын арттыру.	Фланелеграф, қуыршақ театры, кейіпкерлердің атрибуттары	1	20.01.22
22	«Оқы да біл, ойна да күл»	Ойын арқылы балаларды рөлдерге бөлу, кейіпкерлердің сөздерін дұрыс айтуға үйрету.		1	27.01.22
23	«Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды»	Кейіктерлердің сөздерін дұрыс айтуларын қадағалау және рөлдерін ретімен орындауға үйрету.		1	03.02.22
24	«Көз көруге тоймайды, құлақ естуге жалықпайды»	Ертегінің мазмұны бойынша кейіпкерлердің іс – әрекетіне қарап, әсерлі көңіл- күйін білдіре отырып сезіне білуге үйрету. Ертегіні сахналашу.	Ертегі суреттері, кейіпкерлердің атрибуттары	1	10.02.22
25	«Жеті лақ және қасқыр» ертегісі.	Ертегінің мазмұнын еске түсіре отырып тілдік қорларын байыту.			17.02.22
26	«Лақтарым менің, лақтарым менің....»	Ойын арқылы балаларды рөлдерге бөлу, кейіпкерлердің сөздерін дұрыс айтуға үйрету.	Фланелеграф, қуыршақ театры, кейіпкерлердің атрибуттары	1	24.02.22
27	«Алақай, алақай! Анамыз келді, бізге, сұт әкелді»	Ертегіге деген қызылушылықтарын арттыру.		1	03.03.22
28	«Жеті лақ және қасқыр» ертегісі	Әр баланың өз рөлін дұрыс орындаудың қадағалау. Ертегіні сахналашу.		1	17.03.22
29	«Алтын айдарлы әтеш» ертегісі	Ертегінің мазмұнымен таныстыру.	Фланелеграф, қейіпкерлердің атрибуттары	1	07.04.22
30	«Жібек сақалы бар, майга батырып алған басы бар»	Кейіпкерлердің рөлдерін бере отырып, балаларға сөздері мен қимыл – қозғалыстарын үйрету.		1	14.04.22

31	«Сымбатты әтеш»	Балаларды өртегіні диалог бойынша орындауга үйрету.		1	21.04.22
32	«Алтын айдарлы әтеш» өртегісі	Ертегідегі кейіпкерлердің рөлін дұрыс орындауларын қадагалау, сахналанау.		1	28.04.22
33-34	«Ертегі әлеміне саяхат»	Өткен өртегілерді еске түсіріп, мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру арқылы білімдерін тиянақтау.	Ертегі суреттері, кейіпкерлердің атрибуттары	2	05.05.22 12.05.22
35-36	«Ертегі елі жермен келе, жатыр!»	Ертегі кейіпкерлерінің жағымды – жағымсыз жақтарын таба білуге үйрету.		2	19.05.22 26.05.22

## ҚОЛДАНЫЛГАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Тіл ашар», Алматы - «Жалын», 1989 ж.
2. Қирабаев С., Мырзалиев Қ. «Қазақ әдебиеті» Алматы - «Мектеп», 2001 ж.
3. «Алақай» хрестоматиясы - Көркем сөз әлемі, Алматы - «Аруна» баспасы.
4. «Мен және бәрі, бәрі, бәрі» хрестоматиясы, Алматы - «Аруна», 2006 ж.
5. Әмірова Ә. «Дәстүрлі тәрбие», Алматы - «Арда», 2006 ж.
6. Қожахметова Х. «Мәнерлеп оқу», Алматы - «Мектеп», 1982 ж.
7. Фабдуллин М. «Қазақ халықының ауыз әдебиеті», Алматы: 1964 ж.
8. Нұсіпбекова М.И., Сейілгазинова С.А. «Қарлығаш» хрестоматиясы, Астана – «Арман-ПВ», 2007 ж.
9. «Халық ауыз әдебиеті», Алматы: 1974 ж.
10. «Отбасы және балабақша» журналдары.
11. Ғаламтор.